

Орал қалалық мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдедегі № 9-14 "Орал қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 9-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда № 3144 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2013 жылғы 21 қазандағы № 17-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 21.10.2013 № 17-10 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарына сәйкес, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орал қалалық мәслихатының "Орал қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2008 жылғы 2 шілдедегі № 9-14 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-101 тіркелген, 2008 жылғы 24 шілдеде "Жайық үні" газетінде № 30 және 2008 жылғы 24 шілдеде "Пульс города" газетінде № 30 жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақта:

3) және 15) тармақшалары алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға - 2 000 теңге.";

2 тармақтың 3-1) тармақшасында:
бірінші абзацта "30 000" деген сан "50 000" деген санмен ауыстырылсын;
екінші абзацта "30 000" деген сан "50 000" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

С. Потиченко

Мәслихат хатшысы

А. Шыныбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК